

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Төлебаев Сабыржан Ерланұлы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Қызылорда ЖЭО-ын Т-5060-130 турбинасы бойынша ұлғайту

Научный руководитель: Айнура Ныгманова

Коэффициент Подобия 1: 0.5

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 1

Знаки из других алфавитов: 36

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрыва плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 05.06.2023 г.

Заведующий кафедрой *Эргеш*
Сарсенбаев Е.А.


Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Төлбасев Сабыржан Ерланұлы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Қызылорда ЖЭО-ын Т-5060-130 турбинасы бойынша ұлғайту

Научный руководитель: Айнура Ныгманова

Коэффициент Подобия 1: 0.5

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 1

Знаки из других алфавитов: 36

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 05.06.2023г.

проверяющий эксперт

Тақырыбы: «Қызылорда ЖЭО-ын Т-50/60-130 турбины бойынша ұлғайту»
6В07101-«Энергетика» мамандығы бойынша
Төлебаев Сабыржан Ерланұлының
дипломдық жұмысына

СЫН ПІКІР

Дипломдық жұмыс жалпы төрт бөлімнен, яғни Қызылорда жылу электр орталығы туралы мәлімет, турбинаның жылулық есебі, қондырғылар есебі және экономикалық негіздемеден, сонымен қоса қорытынды мен қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Т-50/60-130 турбинының жылулық есептемесі, сонымен қатар экономикалық негіздемелер қамтылған. Барлық бөлімдер бойынша негізгі есептеулер жүргізілген. Диплом жазушы Төлебаев Сабыржан, Қызылорда ЖЭО-ын Т-50/60-130 ТМЗ турбинымен ұлғайтқан кезде ЖЭО-ның жалпы қуаты 163 МВт құрайтынын көрсеткен. Және орнатылған қондырғы өзін аз уақыт ішінде ақтап шығатындығын есептеп көрсеткен.

Алынған зерттеу тақырыбының өзектілігі, жаңашылдығы және іс-жүзіндегі маңыздылығы жылуэнергетика саласында ерекше орын алады.

Дипломдық жұмыстың әдістемелік базасы, жоспары және мақсаты жобаның мазмұнына және тақырыбына сәйкес келеді. Дипломдық жұмыстағы алдына қойылған мәселені шешу дәрежесі өте жоғары, зерттеу толығымен аяқталған. Жобаның қорытындысы бар және студент өзбетінше жұмыс істегендігі байқалады.

Жұмыс бойынша ескерту:

Аса өрескел кемшіліктер мен қателіктер байқалмайды. Тек 17 бетте «Теплофикациялық» деген сөзді қазақшаландырып жазу керек. Қолданылған әдебиеттер тізімін көбейтіп, кейінгі жылдардағы еңбектерді қосу керек деген ұсынысым бар. Жалпы дипломдық жұмыстың жалпы деңгейі жоғары, талаптарға сай жазылған.

Сонымен, дипломдық жұмыс маманды дайындау бағыты бойынша берілетін академиялық дәрежесі мен біліктілігіне сай келеді деп ойлаймын.

Жұмысты бағалау

Қорыта келе, Төлебаев Сабыржан Ерланұлының дипломдық жұмысы А «өте жақсы» (95 балл) бағасына, ал автор – «Энергетика» бакалавры академиялық дәрежесін иемденуге лайық деп бағалаймын.

Сын-пікір жазушы

АЭЖБУ PhD, «Жылу энергетикалық қондырғылар» кафедрасының доценті

Д.Р. Умышев

(қолы)
« 02 » 06 2023 ж.

Ф КазННТУ 706-17. Рецензия



**6B07101-«Энергетика» мамандығы бойынша
Төлебаев Сабыржан Ерланұлының
«Қызылорда ЖЭО-ын Т-50/60-130 турбины бойынша ұлғайту»
тақырыбындағы дипломдық жұмысына**

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Қарастырылып отырған дипломдық жұмыс Қызылорда жылу электр орталығын Т-50/60-130 турбины бойынша ұлғайту жобасына арналған. Жалпы еліміздің қай өңірін алсақ та, жылумен және электрмен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады. Сондықтан, студент Төлебаев Сабыржан қазіргі қолданыстағы ЖЭО-ын өнімділік қуаты тиімді болатын құрал-жабдықтарды ұлғайтуды мақсат тұтып, дипломдық жұмысты орындау барысында ЖЭО-ын егжей-тегжейлі зерттеп, бу турбинына есептеулер жүргізді. Негізінен жылу электр орталығы басты және қосымша цехтардан тұрады, басты цехқа қазандық цехы және турбина цехы кіреді, ал қосымша цех электр цехы, сұхимиялық цехы және жөндеу механикалық цехтарды қамтиды.

Негізгі отын түріне табиғи газ және қосымша отын түріне мазут қолданылады. Жобаны орындай келе Т-50/60-130 турбинына жылулық есептеме жүргізілген, жұмыстың процесін есептеп, қыздырғыштарға турбинадан кететін бу шығынын анықтаған. Сонымен қатар турбина бөліктерінің П.Ә.К-ін, электр энергия өндіру бойынша П.Ә.К-ті есептеп шығарған. Дипломдық жобада сонымен қатар экономикалық негіздемелер қамтылған.

Дипломдық жұмысты орындау барысында студент өзінің теориялық білімін іс-жүзінде қолдана білді. Зерттеудегі қойылған мақсат пен міндеттерді толық орындауға қол жеткізді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, «Энергетика» мамандығының түлегі Төлебаев Сабыржанды, аталмыш мамандық бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесіне лайық деп, және дипломдық жұмысын А «өте жақсы» 95 баллмен бағалауға болады деп санаймын.

Дипломдық жұмыс барлық қойылатын талаптарға сай және мемлекеттік аттестациялық комиссия отырысында қорғауға рұқсат етіледі.

Ғылыми жетекші

Техника ғылымдарының магистрі,
«Энергетика» кафедрасының
аға оқытушысы

 А.С. Ныгыманова
(қолы)

«06» 06 2023 ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

**«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

Төлебаев Сабыржан Ерланұлы

**Тақырыбы «Қызылорда ЖЭО-ын Т-50/60-130 турбинасы бойынша
ұлғайту»**

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07101 – «Энергетика» мамандығы бойынша

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Энергетика» кафедра



кафедра
ауымдастырылған
профессор
Е.А. Сарсенбаев

« 02 » 06 2023 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Қызылорда ЖЭО-ын Т-50/60-130 турбинасы бойынша
ұлғайту»

«6B07101 – Энергетика» мамандығы бойынша

Орындаған

Төлебаев С.Е.

Сын-пікір беруші

Ғылыми жетекші

АЭЖБУ PhD, «Жылу энергетикалық
қондырғылар» кафедрасының доценті

Техн ғыл магистрі,
аға оқытушы

Д.Р. Умышев

А.С. Нығыманова

« 02 » 06 2023 ж.

« 06 » 06 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

6B07101-«Энергетика» мамандығы

«БЕКІТЕМІН»

«Энергетика» кафедрасы

меңгерушісі

PhD, қауымдастырылған

профессор

 Е. А. Сарсенбаев

«16» 01 2023 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Студент Төлебаев Сабыржан Ерланұлы

Тақырыбы: «Қызылорда ЖЭО-ын Т-50/60-130 турбинасы бойынша ұлғайту»

Институттың Ғылыми кеңесі бекіткен. № 408-п «28» қараша 2022 ж.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «30» мамыр 2023 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілгендері Газ турбиналы электр станция КОГТЭЦ. Ол үш ДЖ-59 типтегі, номиналды қуаты 15,4МВт газ турбиналы қондырғыдан тұрады және электр энергиясын когенерационды циклде пайдаланылған газдардың жылуын су жылытқыш КУВ-30 маркалы қазандық – утилизаторларда (жылулық қуаты 5-тен 30 Гкал/сағатқа дейін) пайдалану арқылы өндіреді.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Қызылорда жылу электр орталығы туралы жалпы мәлімет

б) Жылу электр орталығының схемасының Т-50/60-130 турбинамен жұмысы кезіндегі жылулық есебі

в) Т-50/60-130 турбиналық қондырғы есебі

г) ЖЭО-ның экономикалық көрсеткіштері

**Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	03.03.2023 н.	жақ
Арнайы бөлім	27.03.2023 н.	жақ
Жылулық есептеу бөлімі	24.04.2023 н.	жақ
Экономика бөлімі	03.05.2023 н.	жақ

**Аяқталған жұмысқа қойылған
кеңесшілер мен норма бақылаушының
қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	А.С.Нығыманова, аға оқытушы	06.06.2023	
Арнайы бөлім	А.С.Нығыманова, аға оқытушы	06.06.2023	
Норма бақылау	Ә.О.Бердібеков, аға оқытушы	02.06.2023	

Жоба жетекші  /А.С.Нығыманова /
(қолы)

Тапсырманы орындауға алған студент  /С.Е.Төлебаев /
(қолы)

Күні « 06 » 02 2023 жс

АНДАТПА

Қызылорда қаласындағы жылу және электр энергияларының тапшылығына байланысты мен өзімнің жобамда Қызылорда қаласындағы ЖЭО-ын Т-50/60-130 турбинасымен ұлғайту жоспарын алып отырмын. Дипломдық жобамда турбинадағы бу жүрісі, регенеративті қыздырғыштардағы қоректік су жүрісі, оларға кететін шығындар, бу өнімділігі 320т/сағ БКЗ-320-140 бу қазандығының жылулық балансы, пайдалы әсер ету коэффициенті, ЖЭО-ның экономикалық көрсеткіштері, жобаның экономикалық эффективтілігі есептелді.

АННОТАЦИЯ

В связи с дефицитом тепловой и электрической энергии в г. Кызылорда, в своем проекте я получаю план увеличения ТЭЦ в г. Кызылорда турбиной Т-50/60-130. В дипломном проекте рассчитаны ход пара в турбине, ход питательной воды в регенеративных горелках, затраты на них, тепловой баланс паровой котельной БКЗ-320-140 паровой производительностью 320т/саг, коэффициент полезного действия, экономические показатели ТЭЦ, экономическая эффективность проекта.

ANNOTATION

Due to the shortage of thermal and electric energy in Kyzylorda, in my project I receive a plan to increase the thermal power plant in Kyzylorda with a T-50/60-130 turbine. In the diploma project, the steam flow in the turbine, the feed water flow in regenerative burners, their costs, the thermal balance of the steam boiler house BKZ-320-140 with a steam capacity of 320t/sag, the efficiency coefficient, the economic indicators of the CHP, the economic efficiency of the project are calculated.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Қызылорда жылу электр орталығы туралы жалпы мәлімет	9
1.1 Жылу электр орталығының районда орналасу туралы мәлімет	12
1.2 Қызылорда ЖЭО қондырғыларына қысқаша мінездеме	13
1.3 Су деаэрациясы	14
2 Жылу электр орталығының схемасының Т-50/60-130 турбинамен жұмысы кезіндегі жылулық есебі	16
2.1 Т-50/60-130 турбиначасы	16
2.2 Есептеу реті және бастапқы мәліметтер	18
2.3 Турбинадағы су мен бу параметрлерін есептеу	19
2.4 Жылытқыштардың жылулық балансы	22
2.4.1 Желілік қыздырғыш қондырғысы	22
2.4.2 Жоғары қысымды регенеративті қыздырғыш қондырғылар	23
2.4.3 Қоректік судың деаэраторы	25
2.4.4 Төмен қысымды регенеративті қыздырғыштар	26
2.4.5 Тығыздағыш жылытқыштар, тығыздағыш эжектор	28
2.5 Турбинаның жылулық балансы	29
2.6 Турбоагрегаттың энергетикалық балансы	30
2.7 Турбоқондырғы мен жылу электр орталығының энергетикалық көрсеткіштері	30
2.8 Жылу электр орталығының энергетикалық көрсеткіштері	32
3 Т-50/60-130 турбиналық қондырғы есебі	34
3.1 Турбинадағы будың ұлғаюының жұмыс үрдісін құру	34
3.2 Реттеуші сатының жылулық есептеуі	37
3.2.1 Реттеуші сатының орташа диаметрін анықтау	38
4 Экономикалық негіздеме	39
4.1 ЖЭО-ның экономикалық көрсеткіштері	40
4.2 Капиталды салымдарды есептеу	43
4.3 Пайдалануға кететін шығындар есебі	45
Қорытынды	48
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	49
Қосымша	50

КІРІСПЕ

Соңғы жылдары экономикалық өсуге байланысты, халық санының өсуіне, техникалық қажеттіліктеріне байланысты энергетикалық қуаттың тапшылығы пайда болуда. Жаңадан станциялар салу тиімсіз. Себебі ол үлкен қаражатты қажет етеді. Сол себепті энергетикалық қуатты жоғарылатудың шешімі ретінде ЖЭО-ын ұлғайту шаралары, жобалары қолға алынады.

Қызылорданың энерго түйіні Оңтүстік Қазақстанның энергетикалық жүйесіне жалғанған, сонымен қатар Солтүстік Қазақстан өңірлерімен Байқоңыр, Құмкөл, Жезқазған аралық станциялыра арқылы электр тасмалдау желілерімен жалғанаған және ол желі Ұлттық электр энергетикалық компаниясы «KEGOK» АҚ-на тиесілі.

Қызылорда қаласында негізгі электр энергия мен жылу энергиясын өндіретін ол:

- Қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған ҚЖЭО (Қызылорда Жылу Электр Орталығы) 67 МВ электр энергиясын және 148 Гкал/сағ жылу энергиясын өндіреді. Электр энергия №3,6 бу турбиналарда №6,9 БКЗ-220 ГМ қазандарынан келген ыстық бу арқылы өндіреді. Негізгі отын түрі газ (қазанда тікелей жолмен жағылады) және резервтегі отын – мазут М-100 (газ берілуі азайған кезде);

- Газ турбиналы электр станция КОГТЭЦ. Ол үш ДЖ-59 типтегі, номиналды қуаты 15,4МВт газ турбиналы қондырғыдан тұрады және электр энергиясын когенерационды циклде пайдаланылған газдардың жылуын су жылытқыш КУВ-30 маркалы қазандық – утилизаторларда (жылулық қуаты 5-тен 30 Гкал/сағатқа дейін) пайдалану арқылы өндіреді.

- Автономды блокты-модульді қазандықтар. Орнатылған жүктемесі 102,8Гкал/сағ және жұмыстық жүктемесі 10,5Гкал/сағ, қаланың 11 учаскесінде орналасқан. К-800, КВ-1000, КВ-2500, КВГ-5,89, КВГ-7,56, КВГ-8,96, КВ-ГМ-7,56, КВ-ГМ-8,77, КВА-223, REX-40 типтегі табиғи газбен жұмыс жасайтын (ең бірінші қазандық пайдалануға 2006 жылы берілді), қаланы жылу энергиясымен қамтамасыз ететін қазандармен жабдықталған.

- КЮТЦ-жылулық жүктемесі 97 Гкал/сағ, КЕ-25-14С типтегі бу өнімділігі 25 т/сағ (15 Гкал/сағ) 4бу қазандары және SG-2000/15n типтегі бу өнімділігі 20 т/сағ (12,3 Гкал/сағ) 3 BONO су жылытқыш қазандарымен жабдықталған. Негізгі отын түрі газ, резервтегі отын мазут.

Қызылорда қаласын жылу және электрмен қамтамасыз ететін жүйе үш ірі жылу және электр көздерімен көрсетілген. Олар КТЭЦ, КОГТЭС және аудандық қазандық цехы КЮТЦ. Орташа алынып отырған қуаты 113МВт.

Қызылорда ЖЭО-ның негізгі технологиялық қондырғылары 30 жыл бойы пайдаланылып келеді. Негізгі энергетикалық қондырғыларды резервтік қуаттың болмауы, негізгі қорлардың қанағаттандырмайтын жағдайы, төменгі ПӘК-і тиімсіз экономикалық шығындарға алып келеді және тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету сенімділігін төмендетеді. Айта кетсек:

- Негізгі қондырғыларды жөндеу және пайдалану шығындарын жоғарылатады;

- Энергетикалық қондырғыларды қалыпты жағдайда ұстау үшін қажетті өнімдердің өзіндік құнына кететін тұрақты шығындарды көбейтеді;

- Энерго қондырғылардың ары қарай жұмыс істеу мүмкіндігін бағалау мақсатында жүргізілетін диагностика жұмыстарына кететін шығынды арттырады.

Энерго қондырғылардың бүлінуі, қондырғы материалының жұмыс істеу мүмкіндігіне әсер етеді. Ол өз кезегінде пайдаланудың қауіпсіздігін төмендетеді. Осыған сәйкес апаттық жағдайлардың пайда болу мүмкіндігі жоғарылайды.

Қызылорда қаласының тұрғындар саны жыл өткен сайын ұлғайып келеді. Жобада халық санының жылдам өсу темпі қарастырылады. 350 мың адамға дейін. Алдағы 10-15 жылда қала сырдария өзенінің сол жақ жағалауы бойынша батысқа қарай және оң жақ жағалауы бойынша солтүстік-шығыс бағытқа қарай үлкею ықтималдығы жобада ескерілген.

Қызылорда қаласында жылумен қамтамасыз ету зонасы қаланың орталық бөлігін және ҚЖЭО-ның жанындағы аудандарды қамтиды. Жылу энергисының көп бөлігін тұрғын үй секторы (-70%), ал қалған бөлігі әкімшілік, коммуналды кәсіпорындар пайдаланады (385 тұрғын үй, 25 мектеп, 8 балабақша, 15 денсаулық қорғау объектілері, 15 мәдениет және спорт объектілері, 40 көптеген бюджеттік ұйымдар, 160 шаруашылық субъектілері).

Қызылорда қаласындағы жылу және электр энергияларының тапшылығына байланысты мен өзімнің жобамда Қызылорда қаласындағы ЖЭО-ын Т-50/60-130 турбинасымен ұлғайту жоспарын алып отырмын. Дипломдық жобамда турбинадағы бу жүрісі, регенеративті қыздырғыштардағы қоректік су жүрісі, оларға кететін шығындар, бу өнімділігі 320т/сағ БКЗ-320-140 бу қазандығының жылулық балансы, пайдалы әрекет коэффициенті, ЖЭО-ның экономикалық көрсеткіштері, жобаның экономикалық эффективтілігі есептелді.

1 Қызылорда жылу электр орталығы туралы жалпы мәлімет

Қызылорда жылу электр орталығы Қызылорда қаласының солтүстік батысында орналасқан. Қала Сырдария өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Қаланың орталығынан Алматы-Ақтөбе темір жолы кесіп өтеді. Өте жақын орналасқан тұрғын ғимараттары – Гагарин қыстағы мен Титов қыстағы. Бұл аудандар Қызылорда жылу электр орталығынан 500 метр солтүстік шығысында жеке және этаждық тұрғын үйлерде орналасқан. Қызылорда жылу электр орталығы 6 кезекпен құрылды.

Алғашында 1964 жылы Подольский заводының екі қазандығы ПК-20-2 типті өнімділігі 110 т/сағ және екі турбина генераторы ПТ-12-90 қуаттылығы 12 МВт орнатылған. Екінші кезекте 1965-1968 жж үш қазандық ПК-20-100 типті өнімділігі 110 т/сағ және екі турбина генераторы ПТ-25-90 қуаттылығы 25 МВт орнатылған. Үшінші кезекте 1978 жыл үш қазандық БКЗ-220-100 типті өнімділігі 220 т/сағ және екі турбина генераторы К-50-90 типті қуаттылығы 50 МВт орнатылған. Төртінші кезекте 1986 жыл бір қазандық БКЗ-220-100 типті қуаттылығы 180 т/сағ орнатылған. Кенейтілгеннен кейін қуаттылығы 145 МВт орнатылған. 1998 жылға дейін қазандықтың отынының негізгі көзі болып Екібастұз бассейнінің тас көмірі қолданылды. 1998 жылы қантар айында қазандық бөлімінің шатырының қирауы орын алды. Шатырдың қирауы ст.№7, 8 қазандық құрылымының пішіні өзгеруіне, ст.№ 6,9 қазандық құрылымына жартылай әсер тигізді. Қызылорда жылу электр орталығының қуаттылығын қайтадан орнына келтіру кезінде № 6 және № 9 қазан агрегаттын сұйық отынның жануына өзгертілді. Отынның сапасы болып мазут 100 маркасы болды (ГОСТ 10585-75). №6 және 9 қазан агрегаттарының негізгі отын түрі мазут болғандықтан мазутты қолданысқа әкелу қажеттілігі өсті. Осы жағдайға байланысты мазут сорғысы бар мазут шаруашылығы және сыйымдылығы 5000м³ (3 шт.) қоймасы құрылды. Ертеден келе жатқан мазут қоймасы үш сыйымдылықты 2000 м³ 15 тәулік отын қорымен қамтамасыз ете алмады. №6 және 9 қазан агрегаттарының мазут жағуға ауысуы жұмыс жасауын тоқтатып қойды:

- қатты отынды дайындау және беретін қондырғы;
- шаң дайындау жүйесі және көмір күлділігін қағып алу;
- күлділікпен қожды жою жүйесі.

2005 жылы қазан-қараша айларында ЖЭО мен қалыпты іс атқаратын когенерациялық газ турбиналы электрстанциясы (КОГТЭС) іске қосылды. 3 газ турбиналық қондырғы орнатылған ДЖ59ЛЗ типті қуаттылығы 15,4 МВт. ҚЖЭО энергетикалық және су қыздырғыш қазандықтарына негізгі және қосымша отын көзі болып бағыттас табиғи газ (ГОСТ 5542-87) табылады.

2009 жылы № 6 және 9 қазан агрегаттарын бір уақытта екі түрлі мазут және табиғи газ отын түріне көшірілді. Қызылорда жылу электр орталығын табиғи газға көшуінің негізгі мақсаты табиғи газды жинақтап пайдалану Оңтүстік –Торғай ойысы мұнай газдың туған жері.



1- сурет - Когенерациялық газ турбиналы электрстанциясы

Қазіргі уақытта Қызылорда жылу электр орталығында құрылымдық бөлімшелер, яғни екі жылу күшті цех (қазандық және турбиналық), төрт қосымша цех: электроцех, мазут шаруашылығы (қазандық цехына кіреді), химиялық және жөндеу-механикалық цехы бар.

Қазандық цехы отынның жану кезіндегі отынның химиялық энергиясы жылу энергиясына ауысуы, бу түрінде жылу энергиясын беру үшін арналған.

Турбиналық цехы қазандық цехынан алынған бу түріндегі жылу энергиясын механикалық энергияға айналдыру (бу турбины) электрлік генераторларда электр энергиясын алу мақсатында, сонымен қатар ғимараттарды ыстық сумен жылумен қамтамасыздандыру мақсатында іс атқарады.

Электро цехы жөндеу және станцияда электр жабдығымен пайдалану үшін арналған.

Мазут шаруашылығы алдын-ала әкелінген тусірілген отынды сақтау мақсатында қызмет атқарады.

Химиялық цех қазан агрегаттарын және бу өндіргіш қондырғыларын белгілі бір сапаға дейін суды химиялық реагенттермен тазалау, сонымен қатар судың сапасын қадағалау.

Жөндеу механикалық цехы ғимаратты жөндеу және орнатуды қамтиды, канализация және су құбырын пайдалану мен жөндеу, қондырғыларды жөндеу жұмыстарымен қамтамасыздандыру.

Жылу желілерінің бөлімшесі жылу энергиясын тарату әрекетімен қамтиды. Жылу электростанциясында су буға айналады, оны жұмысшылар жылу

ретінде қолданады, яғни жылудың түзілуі үшін ең алдымен турбинада механикалық энергия, сосын генераторда электрлік энергия пайда болады. Қазандық оттығына газды жандыру үшін апарады. Жану процессі химиялық реакция болып табылады, өйткені отын, келіп жатқан ауа құрамындағы оттегімен қосылады. Бұл реакция жылу өндіру ағымымен өтеді, нәтижесінде жанып жатқан өнімнің түтіндік газының температурасы 1200-1800 °C дейін көтеріледі. Жанып жатқан түтін газы негізінен екі оксидті көміртегі және азоттан тұрады, ол жоғарыға қарай көтеріліп, құбыр жүйесінің қазандығының ішін шайып өтеді, оның құрамында су болады. Сонымен қатар, жылу түтінінің газы құбырдың металдық қабырғасына барады, соның әсерінен судың қайнау температурасына дейін жетеді. Қайнатылатын құбырларда судың қайнау температурасы 310-350 °C-қа дейін жетеді. Қазандықтағы жоғары қысымды қайнатуға арналған құбырлар топкалық камераның маңында орналасады. Бұл құбырлар экран түзеді, олар өзінің негізгі міндеті бу алудан басқа, топканың қабырғасын жоғарғы температурадан қорғайды.

Экранды құбырлар ыстық газдармен шайылады, нәтижесінде бу түзіледі, су шығаратын құбырларда бу болмайды. Сондықтан экранды құбырларда су-булы қоспаның үлестік салмағы су шығаратын құбырлармен салыстырғанда төмен болады. Үлестік салмағының айырмашылы арқылы судың шынайы айналымы болады, ол су шығаратын құбырлардың қазандығының барабанында жүзеге асады, кейін коллектор арқылы экранды құбырға және қайтадан барабанға барады. Ақырында, судың бұл жабық жол арқылы бірнеше рет айналым нәтижесінде буға айналады, қазандық барабанына өтеді және оның жоғары бөліктері су деңгейінде жинақталады. Осы жақтан бу, буысытқышқа бағытталады қосымша жылу алу үшін онда ол 450-560 °C дейін қосымша ысытылады. Бу ысытқыштан шығып жатқан түтіндік газ тағы жоғарғы ретті 500 °C-қа ие болады. Бұл газдың жылуын қолдану үшін қосымша беткей ысытқыш қондырылады, олар мыналар: сулы экономайзер, онда қоректік су ысытылады. Ауа ысытқыш, онда қазандық топкасына үрлегіш желдеткіш арқылы түсіп жатқан ауа ысытылады.

Түтіндік газ жылуын қоректік суға және ауаға бергеннен кейін өзінің температурасын 150-200 °C-қа дейін төмендетеді, күлтұтқыш арқылы өтіп түтінсорғыш арқылы түтін құбырмен атмосфераға шығарылады.

Қыздырылған бу, бу құбырына бағытталады. Турбина корпустан тұрады онда қозғалмайтын сопло аралығынан және ротордың айналмалы бөлігімен бекітілген, валды және орнатылған дисктерден тұрады, жұмыстық күрекшелері бар, оған сопладан шығып жатқан бу түседі. Бу құбырында жылу энергиясының өңделуі болады, қазандықтағы бу валды турбинасында механикалық энергияға айналады. Валды турбинасы электрлік генератордың муфта валымен қосылған, онда электромагнит қатары орнатылған, олар өзінің айналасына магнитті поле түзеді. Генератордың қозғалмайтын бөлігі-статор, ол провод орамдарымен қамтамасыз етілген. Турбина айналған кезде генератор роторыда айналады, нәтижесінде статор орамынан магнитті жол көлденең жылжиды, онда электрлік ток пайда болады. Ақырында, генератордағы механикалық энергия электрлік

энергияға ауысады. Алынған электр тоғының кернеуін жоғарылату үшін трансформаторға түседі, жоғарғы вольтты желі арқылы электр өткізгіш қолданушыға түседі.

Турбинадағы өңделген бу конденсаторға түседі, онда құбырлар арасынан салқындатылған су өтеді. Салқындатылған су акваториядан циркуляциялық сорғы арқылы конденсаторға өтеді. Конденсаторға бумен бірге түскен тығыздалған ауа аздаған мөлшерде бу ағынды насос (эжектор) арқылы сорылады. 25-30 °C-қа тең конденсат, конденсатордың төменгі бөлігіне түседі, сол жақтан конденсат насосымен қысымы төмен деаэраторлы бак қыздыруына түседі. Қысымы төмен су қыздырғышта судың температурасы 70-140 °C-қа дейін көтеріледі.

Буды және суды әртүрлі тығыздыққа байланысты жоғалтады және қазандықтардың үрлегішінде буландырғыш дистиллятор және химиялық тазартылған сумен толтырады.

Қосымша су деаэраторға беріледі – одан қоректік сорғы арқылы жоғары қысымды су қыздырғышқа су экономайзерге өтеді – қайтадан қазандық барабанына оралады.

Құбырға арналған турбинаның таңдаулы шары беткей жылу алмастырғыштардағы суды жылыту үшін өндірістік тұтынушыға бағыттайды. Олардың ішінде конденсат қоректік бакка кейін деаэратор сорғысына өтеді.

1.1 Жылу электр орталығының районда орналасу туралы мәлімет

Районның климаты жазда созылмалы континентті ыстық, құрғақ және қыста қары аз суық. Осындай климаттық келісілген режімі Евроазиат материгінің ортасында оңтүстігінде орналасқан.

Жылдық және тәуліктік жүрісте континенттік климатта көптеген метеорологиялық элементтердің ауытқуынан туындайды. Арал теңізінің климатқа әсері жағалауда жіңішке жолақты болып қана байқалады және ауада ылғалдылық пайда болады, қыс айларында ауада температураның жоғарылауы және жаз айларында төмендеуі байқалады.

Ауаның температурасы. Жылдық жүріс температурасы Қызылорда станциясында минимум қантар айында, максимум маусым айында жетеді. Жазы ыстық созылмалы. Осы периодта температурада қатты айырмашылық байқалмайды. Абсолютті максимум температурасы -44, -47°C. Район аумағында суық айдың орташа температурасы -9°C тан -12°C дейін.

Ауаның орташа тәулік температура периоды 0°C жоғары 235-275 күнге дейін созылады. Ол көбінесе 23 ақпан - 18 наурызда басталып 12-28 қарашада аяқталады. Борансыз период ұзақтығы 160-200 күн құрайды. Алғашқы күннің суытылуы 8 қарашада басталып, 12 сәуірде аяқталады. Жылына 178 кун шамамен аязды еместі күндерді құрайды. Қар жамылғысы аз және орнықты емес.

Әдетте беттің ұшырып әкетеді. Қар жамылғысының орташа максимальді биіктігі 6 см дейін барады. Қар жамылғысың жатуы 35-55 күнге дейін созылады.

Жел. Берілген аймақта үнемі және қатты желмен сипатталады, көбінесе солтүстік – шығысқа бағытталады. Қызылорда станция орнында орташа жылдық желдің жылдамдығы – 2,7-3,0 м/с тең және көбінесе желдің бағыты солтүстік – шығысқа үрлейді (31 %) .

1.2 Қызылорда ЖЭО қондырғыларына қысқаша мінездеме

Қызылорда жылу электр орталығының негізгі қызметі – Қызылорда қаласын және облыс тұрғындарын жылу, электр энергиясымен қамтамасыздандыру болып табылады. Когенерациялық газотурбиналық электр станцияны пайдалануға бергеннен кейін электр энергиясын негізгі өндіру көзі ертеден келе жатқан ЖЭО мазут отынын жағу арқылы электр энергиясымен бірге жылу энергиясын өндіреді.

БКЗ-220-100-9 типті 6-шы және 9-шы Барнауыл қазандық заводының қазандық агрегатының параметрлері: өндіргіштігі 220 т/сағ, қысымы 9,8 МПа және қызған бу температурасы 540°C құрайды.

6-шы және 9-шы қазандық агрегаттары табиғи газбен жұмыс жасайды. Ал қосымша отын ретінде – мазут қолданылады. ҚЖЭО шығындарды толықтыру үшін И-600 типті 3 буландырғыш қондырғысы қондырылған.

ПСВ-500-14-23 типті жылуфикациялық қондырғысы өзіне үш негізгі желілік жылытқыш қосады. Сонымен қатар 4 пиктік жылытқыш. Ыстық сумен қамту жүйесі жабық.

Қазандық су-құбыры тігінен, табиғи айналмалы бір барабанды, бір корпусы, П тәрізді сұлбеде. Бірінші көтеріліп келе жатқан газ жүрісінде пеш орналасқан. Ал екінші төмен түсіп келе жатқан газ жүрісінде су экономайзері және ауа қызжырғыш орналасқан. Буды аса қыздырғыш жоғарыдағы көлденең газ жүрісінде орналасқан. Пеш камерасы тікбұрышты қиылсады, ашық типті, пеш көлемі -1043 м³, пеш камераларының қабырғаларында толығымен қалқан қабұрлары орналасқан .

Қазандықтан түтіндік газдар түтін сорғыш арқылы кетеді. Түтін сорғыш, үрлегіш вентилятор қазандықтың қосымша қондырғысына жатады. Қазандықтан түтіндік газдарды соратын 2 түтін сорғыш ДН-24*2-0,62 типті және 2 үрлегіш вентилятор ВДН-20 типті.

Қызылорда жылу электр орталығының орнатылған негізгі қондырғылар:

1. Қазан агрегаты стандартты № 6 типі Е-220-9,8-540БТ, бу өндірулігі 220 т/сағ (1976 ж.);

2. Қазанагрегаты стандартты № 9 типі Е-220-9,8-540БТ, бу өндірулігі 220 т/сағ (1989 ж.);

3. Турбиналы өндіргіш стандартты № 3 типі ПТ-25-90/10, электрлік қуаты 25 МВт (1992ж.), ең үлкен көрсеткіштегі бу шығыны 180 т/сағ;

4. Турбиналы өндіргіш стандартты № 6 типі К-50-90 электрлік қуаты 50 МВт (1976 ж.), ең үлкен көрсеткіштегі бу шығыны 210 т/сағ.

Қолданылатын отын түрі:

- негізгі отын түрі – табиғи газ (17 000 м³/сағ);

- қордағы отын түрі – мазут 353,76 т/тәул (14,74 т/сағ).

КОГШЭС негізгі қондырғылары:

1. Типі ГДТ-15-02 газтурбиналы қондырғының 3 данасы және олардың әрқайсысының электрлік қуаты 15 МВт (2005ж.);

2. Типі КУВ-30 жылулық қуаттары 30 Гкал су ысытқыш утилизатор қазандықтың 3 данасы (2005ж.).

МКК «Қызылорда ЖЭО» барлық қуаты:

- электрлік энергия – 113,2 МВт, оның ішінде: ЖЭО – 67 МВт, КОГШЭС – 46,2 МВт;

- жылулық энергия – 242 Гкал, оның ішінде: ЖЭО – 150 Гкал, КОГШЭС – 60 Гкал.

Турбина ТГ-3типті ПТ-25-90/10 турбинаы қуаты 25МВт Калуж турбиндік заводы ТГ-3типті ПТ-25-90/10 турбинаагрегаты. Өткір будың әрбір параметрі 8,9 МПа және 535°С, ал турбинаның ең үлкен көрсеткішті бу шығыны 180т/сағ құрайды.

Турбина екі ретті сұрыпқа ие:

- өндірістік 0,8-1,3 МПа – 90т/сағ;

- жылуфикациялық 0,12-0,25 МПа-70т/сағ.

1.3 Су деаэрациясы

Электр станцияларында суды, бу турбиналық қондырғының контурын толтыру үшін, жылу жүйелерінің жұмыс істеу барысы мен қоректендіру кезінде жоғалатын бу мен конденсаттың орнын толтыру үшін жұмсалады. Барлық жағдайда қолданылатын қайнамаған су тиісті өңдеудеу өтеді. Ең жоғарғы талаптар бу турбиналық қондырғының контурын толтыруға және қосымша қоректендіруге жұмсалатын судың дайындығына қойылады. ЖЭОсуды әртүрлі әдіспен өңдейді. Химиялық өңдеуді қолданып жұмсартылған және мүлде тұздалмаған су алуға болады; қыздыру арқылы өңделген дистиллят алынады, яғни аздаған ғана қоспа бар су алынады. Тәсілдерді және су дайындау схемасын таңдау электр станцияларының түріне байланысты. Онымен қоса қазандардың түрі түрі мен параметрлеріне, қатты қыздырылған будың температурасын реттеу әдісіне, бастапқы судың сапасына, өнеркәсіпке кеткен буға, өнеркәсіптен қайта алған буға, станцияда конденсаттың жоғалуына байланысты. Су дайындау схемасын таңдау ең алдымен бу қазандарының типтеріне байланысты болады.

Қоректендіш судың сапасына көп талаптар қояды. Мысалы, қыздыру беттеріндегі су түгелдей буланатын болғандықтан турбалардың ішкі жақтарында

қаспақ тұрып қалмас үшін су мен будың сапасы бірдей болу керек. Барабанды қазандарда әжептәуір концентрациялы, оңай еритін натрий тұздарының болуы мүмкін. Бірақ бұл жағдайда кермектікті көбейтетін тұздардың тазартылуы міндетті түрде қажет. Қазандағы қысым 10 МПа асқанда міндетті түрде суды бусыздандыру схемасы қолданылады.

Қосымша судағы натрий тұздарының мөлшері қазандағы су қысымы төмендегенде, қазан барабандарында буды бөлуді жақсарту кезінде бу мен конденсаттың жоғалуын төмендеткенде, қазандағы үрлеуді күшейткенде өсуі мүмкін. Барабан су қазандарына тек натрийдің екі тұзы ғана – күкірт қышқылы мен хлорлы натрийі ешқашан әсер етпейтінін еске сақтаған дұрыс. Қысым шамасы 14 МПа ға дейін болғанда ғана. Тек өте жоғары қысымдарда ғана хлорлы натрий буда әжептәуір ериді. Ал натрийдің гидрат тотығы суда 4 МПа қысымының өзінде қалыпқа келеді. Қосымша судың сілтілігін азайту бикарбонатты және карбонатты сілтілік қосылыстардың қазан ішіндегі гидролизге байланысты буға бос көмір қышқылын жібермеуіне бөгет жасайды. Бұл металдың көмір қышқыл коррозиясына ұшырамауын қамтасыз етеді. Жоғарғы қысымды натрий нитраты әсеті зор, олардан тұзсыздандыру схемасына неменсе буландырғыштарды құтылып, мүлде болдырмауға тырысу керек. Электр станцияларындағы циклда шығындалған конденсатты химиялық жолмен тазартылған су, химиялық әдіспен тұзсыздандырылған су немесе буландырғыштағы коденсат арқылы толтыруға болады.


Бу өндіргіштігі 0,7 т/сағ және оданда көп табиғи және бірнеше рет күшпен циркуляцияланатын барабанды бу қазандары, бу өндіргіштігіне байланыссыз, бірақ тікелей бу айдаушы қазандар сонымен қатар су қыздырғыш қазандар химиялық бу тазартқыш қондырғылармен жабдықталуы қажет. Қаспақ және коррозия болдырмайтын талаптарды қанағаттандыратын басқа да әсері үлкен су өңдеу әдістерін қолдануға болады. Дәлірек айтқанда қазанның қыздырылатын бетінде шлам қалдырмайтын барлық басқада әдістер қолдануға болады.

Химиялық су тазалағыш көбінесе аралас схема бойынша істейді. Ол схема өңдеу фазасынан тұрады: алдын-ала тазалау және толық тазалау және толық тазалау. Егер де бастапқы су жабдықтағыш ретінде жер бетіндегі су қорлары алынса, онда алдын ала тазалауды міндетті түрде пайдалану қажет. Ал егер артезианды скважина болса, онда алдын ала тазау қажет емес. Егер қосымша судан кремний, темір қалдықтарын жою немесе судың сілтілігін азайту керек болса, онда алдын-ала тазарту керек.


2 Жылу электр орталығының схемасының Т-50/60-130 турбинамен жұмысы кезіндегі жылулық есебі

2.1 Т-50/60-130 турбинасы

Жылу электр орталығының жылулық схемасының есебін Т-50/60-130 ТМЗ бу турбинасымен жүргіземіз. Қуаты 50 МВт турбина бастапқы параметрлері 12,8МПа және 555⁰С аралық қыздырусыз және айналу жиілігі 50с⁻¹ жобаланған. Келе келе завод турбинаның номиналды қуатын 55 МВт-қа ал максималды қуатын 60МВт-қа дейін жоғарылатып, жағаландырды. Бу стопорлық клапан арқылы ЖҚЦ-де (Жоғарғы қысымды цилиндрде) орналасқан және соплолық буды реттеуді, бөлуді қамтамасыз ететін төрт регуляциялаушы клапанға келіп түседі. Бу екі венцті регуляциялаушы сатыдан және 8 сатылы қадамнан өткеннен соң ТҚЦ-ге (Төменгі қысымды цилиндрге) келіп түседі. Т-50/60-130 турбинасындағы ТҚЦ –да буы конденсаторға келіп түсетін ОҚБ (орташа қысымды бөлік, буды регуляциялайтын отборға дейінгі 14 сатысы бар) және ТҚБ (төменгі қысымды бөлік, отбордан кейінгі 2 саты) құрылымды қосылған.



2 - сурет - Т-50/60-130 турбинасының принципиалдық схемасы



3-сурет - Т-50/60-130 ТМЗ турбинасының принципиалдық жылулық схемасы

Турбо қондырғының регенеративті жүйесінде 4 ТКҚ (Төменгі қысымды қыздырғыш) деаэратор және 3 ЖЖҚ (Жоғарғы қысымды қыздырғыш) бар. Осы теплофикациялық турбинаның ерекшелігі басқа да ТМЗ шығаратын турбиналар секілді желілік суды сатылы қыздыру болып табылады.

Желілік суды қыздыру үшін температурасы 50-ден 120⁰С дейінгі және қысымы 0,25Мпа бу керек. Бұл қыздыруды бір су қыздырғышта орындауға болады.

Теплофикационды қондырғының және осы турбинаның ерекшелігі бірінен кейін бірі тізбектеліп орналасқан екі желілік қыздырғышта желілік суды сатылы қыздыру болып табылады. Ол отын шығынын 2%-ға үнедейді, және ол шығынды тез ақтайды.

Желілік суды сатылы қыздырғанда алынатын бу қысымын реттегіш тек бір сатының отборын ғана реттеп тұрады, ал екінші сатыдағы алынатын бу қысымы реттелмейді. Жоғарғы және төменгі отбор камераларының арасында орналасқан ағынды бөлік аралық (промежуточный) деп аталады.

Т-50-130 турбо қондырғының жылулық схемасының екінші бір ерекшелігі кейбір режимдерде желілік суды қыздыру үшін конденсаторда орнатылған теплофикационды түйінін пайдалану. Осы кезде суытатын циркуляциялаушы суды сөндіреді, конденсаторға келетін бу конденсациясын қайтарма желілік су арқылы желілік су қыздырғыштрға жібереді. Турбо қондырғының мұндай

режимі, желілік суды үш сатылы қыздыру тиімді. Себебі суытатын судың шығыны азаяды.

Турбинаның валопроводы қатты муфтамен біріктірілген екі ротордан тұрады. ТҚЦ роторының полумуфтасы валмен бірігіп кеткен. Генератормен турбина роторы жартылай иілгіш муфтамен біріктірілген. Валдардың әрқайсысы екі тіреуіш подшипниктарда жатыр. ЖҚЦ-дің артқы подшипнигі – мықты тірегіш. ТҚЦ-дің роторы комбинированный: бірінші сегіз дискі валмен бірігіп кеткен, ал қалған дискілер ыстық отырғызу валына орнатылған.

2.2 Есептеу реті және бастапқы мәліметтер

Теплофикациялық турбоқондырғының жылулық схемасын есептеудің бірінші сатысы ол желілік су қыздырғыштардың жылулық балансын құру және әрқайсысына кететін шығындарды анықтау.

Турбинаға кететін бу шығыны, 1,5% ағып кетуді ескере отырып $D_0=73,6$ деп, және үрлеуді ескере отырып $D_{п.в}=75$ кг/с деп қабылдаймыз.

Тығыздағыштар арқылы ағып кетулер $D_y=0,015 \cdot D_0=1,104$ кг/с, оның ішінде $D_{уз}=0,409$ кг/с, $D_{пу}=0,69$ кг/с.

1- кесте - Т-50/60-130 турбинасының негізгі параметрлері

Қуаты:	
Номиналды, МВт	50
Максималды, МВт	60
Айналу жиілігі, 1/с	50
Будың бастапқы параметрлері:	
Қысым, МПа	13
Температура, °С	555
Жылыту іріктеуінің номиналды жүктемесі, ГДж/сағ	420
МВт	116,67
Қоректік су температурасы, °С	232
Конденсатордағы бу қысымы, кПа	5,1
Суытатын су температурасы, °С	20
Жаңа будың максималды шығыны, кг/с	73,6
Регуляциялаушы отбордағы бу қысымының өзгеру параметрлері, кПа:	
Жоғарғы	59-245
Төменгі	49-196
Регуляциялауға қажетті іріктеу саны	7

Турбинадағы будың жұмыстық процессі, есептеуге сәйкес, is-диаграммасында көрсетілген. Турбо қондырғыдағы және дренаж салқындатқыштағы су мен будың параметрлері туралы мәліметтер 2-ші және 3-кестеде, ал турбина бөліктерінің ішкі салыстырмалы П.Ә.К-і 4-кестеде, бу генераторын үрлеуге пайдаланылатын қондырғыдағы су мен будың параметрлері 5-кестеде келтірілген.

2.3 Турбинадағы су мен бу параметрлерін есептеу

Турбинадағы су мен бу параметрлерін есептеу үшін ең алдымен турбина отборларындағы бу қысымы мен температурасын анықтамадан аламыз. Сол арқылы будың энтальпиясын h_s -диаграммасы арқылы анықтаймыз. Ал регенеративті қыздырғыштардағы су параметрлерін ренкин таблицасынан табамыз. Әрбір қыздырғышта қоректік судың 5⁰С температурада қызбай қалуын да ескереміз.

Қыздырғышқа берілетін жылу келесі формуламен анықталады, кДж/кг:

$$q_{II} = i' - i_{II}^B, \quad (1)$$

мұндағы

i' - отбордан келетін бу энтальпиясы, кДж/кг

i_{II}^B - қоректік судың энтальпиясы, кДж/кг

$$q_{II1} = 3154 - 999,7 = 2154$$

$$q_{II2} = 3051, -878,3 = 2172,7$$

$$q_{II3} = 2949 - 772,5 = 2176,5$$

$$q_{II4} = 2835 - 658,78 = 2176,22$$

$$q_{II5} = 2722 - 556,5 = 2165,5$$

$$q_{II6} = 2560 - 405,21 = 2154,79$$

$$q_{II7} = 2445 - 312,5 = 2132,5.$$

Жасырын жылу, кДж/кг:

$$\tau_{II} = i_{II}^B - i_{II(i+1)}^B, \quad (2)$$

мұндағы

$i_{II}^B, i_{II(i+1)}^B$ қыздырғыштағы қоректік су энтальпиясы, кДж/кг:

$$\tau_{II1} = 976 - 852,4 = 123,6$$

$$\tau_{II2} = 852,4 - 749,4 = 102,5$$

$$\tau_{II3} = 749,9 - 667,5 = 82,4$$

$$\tau_{II4} = 667,5 - 635,5 = 32$$

$$\tau_{II4} = 635,5 - 533,5 = 102$$

$$\tau_{II5} = 533,5 - 385,36 = 148,14$$

$$\tau_{II6} = 385,36 - 292,97 = 92,39$$

$$\tau_{II7} = 292,97 - 134 = 79,49 .$$

2-кесте -Турбинадағы су мен бу параметрлері

Процесс нүктесі	P, МПа	t, °C	i, кДж/кг	P', МПа	t _н , °C	i _н ^в , кДж/кг	Θ _п , °C	t _п , °C	i _п ^в , кДж/кг	τ _п , кДж/кг	q _п , кДж/кг
0	12,8	555	3486	-	-	-	-	-	-	-	-
0''	12,1	552	3486	-	-	-	-	-	-	-	-
1	2,96	366	3154	2,74	232	999,7	5	227	976	123,6	2154
2	1,765	309	3051	1,63	205,7 2	878,3	5	200,72	852,4	102,5	2172,7
3	1,062	254	2949	0,98	182,0 1	772,5	5	177,01	749,9	82,4	2176,5
Д	1,062	254	2949	0,6	158	667,5	-	158	667,5	32	-
4	0,565	192	2835	0,523	156,0 6	658,78	5	151,16	635,5	102	2176,22
5	0,286	132	2722	0,264	132,3 9	556	5	127,39	533,5	148,14	2165,5
6	0,088	(0,9 51)	2560	0,081	96,71	405,2 1	5	91,71	385,36	92,39	2154,79
7	0,037 2	(0,9 18)	2445	0,034	74,66	312,5	5	69,66	292,97	79,49	2132,5
К	0,005 1	(0,9 5)	2445	0,005 1	32	134	-	32	134	-	-

3-кесте - Дренаж салқындатқыштағы су мен бу параметрлері

	t _д , °C	i _д ^в , кДж/кг	q _{од} , кДж/кг
ОД1	215,6	923,36	76,34
ОД2	192,2	817,38	75,82

$$i_{д1} - i_{д2} = q_{д2} = 105,92 \quad (3)$$

Турбина бөліктерінің ішкі салыстырмалы П.Ә.К – ін табу үшін келесі формуланы пайдаланамыз. Формуладағы энтальпияларды іs диаграммасынан аламыз, %:

$$\eta_{oi} = \frac{H_i}{H_0} = \frac{i_0 - i_1}{i_0 - i_1'}, \quad (4)$$

мұндағы

H_i -нақты жылу жоғалуы;

H_0 -қарастырылып отырған жылу жоғалуы. Оларды іs диаграммасынан анықтаймыз

$$\eta_{oi0-1} = \frac{3486 - 3154}{3486 - 3042} * 100 = 75$$

$$\eta_{oi1-2} = \frac{3486 - 3051}{3486 - 2923} * 100 = 77$$

$$\eta_{oi2-3} = \frac{3486 - 2949}{3486 - 2810} * 100 = 79$$

$$\eta_{oi3-4} = \frac{3486 - 2835}{3486 - 2635} * 100 = 76$$

$$\eta_{oi4-5} = \frac{3486 - 2722}{3486 - 2555} * 100 = 82$$

$$\eta_{oi5-6} = \frac{3486 - 2560}{3486 - 2378} * 100 = 84$$

$$\eta_{oi6-7} = \frac{3486 - 2445}{3486 - 2248} * 100 = 84 .$$

4-кесте- Турбина бөліктерінің ішкі салыстырмалы П.Ә.К

Турбина бөлігі	Бу қысымының интервалы, МПа	Бөліктің ішкі салыстырмалы П.Ә.К-i, %
0-1	12,8 – 2,96	75
1-2	2,96 – 1,765	77
2-3	1,765 – 1,062	79
3-4	1,062 – 0,565	76
4-5	0,565 – 0,286	82
5-6	0,286 – 0,088	84
6-7	0,088 – 0,0372	84
7-K	0,0372 – 0,0051	0

Үрлеу кеңейткішінен шығатын бу шығысын кеңейткіштің жылулық балансының теңдеуі арқылы анықтаймыз, кг/с:

$$D'_n = \frac{i_{np} \cdot \eta_p - i'_{np}}{i'_n - i'_{np}} \cdot D_{np}, \quad (5)$$

мұндағы

$\eta_p = 0,98$ – кеңейткіштегі жылу жоғалуын ескеретін коэффициент.

$$D'_n = \frac{1600,4 \cdot 0,98 - 667,0}{2755,6 - 667,0} 1,31 = 0,432.$$

5-кесте - Бу генераторды үрлеуге қолданатын қондырғыдағы су мен бу параметрлері

Көрсеткіш	Су мен бу параметрлері		
	Қысым, МПа	Температура, °C	Энтальпия, кДж/кг
Үрлейтін су БГ	14,7	340,6	1600,4
Кеңейткіштен шығатын бу	0,6	158	2755,6
Кейейткіштен шығатын үрлейтін су	0,6	158	667

Кеңейткіштен шығатын үрлейтін су шығыны, кг/с:

$$D'_{np} = D_{np} - D'_n \quad (6)$$

$$D'_{np} = 1,31 - 0,432 = 0,878.$$

2.4 Жылытқыштардың жылулық балансы

2.4.1 Желілік қыздырғыш қондырғысы

Желілік қыздырғыш қондырғысының су және бу параметрлері 6-кестеде келтірілген.

6-кесте-Желілік қыздырғыш қондырғысының су және бу параметрлері

Параметрлері	Төменгі		Жоғарғы	
Желілік су				
Кіре берістегі $t,^{\circ}\text{C}$	$t_{o,c}$	53	$t_{h,c}$	72,69
Кіре берістегі $i, \text{кДж/кг}$	$i^{\text{B}}_{o,c}$	221,8	$i^{\text{B}}_{h,c}$	304,25

6-кесте жалғасы

Параметрлері	Төменгі		Жоғарғы	
Шыға берістегі $t, ^\circ\text{C}$	$t_{\text{H.C}}$	72,69	$t_{\text{B.C}}$	100,69
Шыға берістегі $i, \text{кДж/кг}$	$i_{\text{H.C}}^{\text{B}}$	304,25	$i_{\text{B.C}}^{\text{B}}$	42,97
Сатыдағы артық жылу, кДж/кг	$\tau_{\text{H.C}}$	82,45	$\tau_{\text{B.C}}$	117,72
Сатыдағы қызбай қалу, $^\circ\text{C}$	$v_{\text{H.C}}$	1,4	$v_{\text{B.C}}$	1
кДж/кг	$v_{\text{H.C}}$	4,8	$v_{\text{B.C}}$	5,1
Сатыдағы қысым, МПа	$P_{\text{H.C}}^{\text{B}}$	0,6	$P_{\text{B.C}}^{\text{B}}$	0,5
Жылытатын бу конденсаты				
Қанығу $t, ^\circ\text{C}$	74	102		
Қануғы кезіндегі $i, \text{кДж/кг}$	309	427,1		
Жылытатын бу				
Желілік қыздырғыштағы қысым, МПа	$P_{\text{H.C}}^{\text{B}}$	0,034	$P_{\text{B.C}}^{\text{B}}$	0,081
Іріктеудегі қысым, МПа	$P_{\text{H.C}}$	0,0372	$P_{\text{B.C}}$	0,088
Бу құрғақтылығы	X	0,918	x	0,951
Беретін жылу	$q_{\text{H.C}}$	2132,5	$q_{\text{B.C}}$	2154,29

Есептеп отырған режимге сәйкес желілік су шығыны мынаған тең, кг/с :

$$G_{\text{C.B}} = \frac{Q_T}{i_{\text{H.C}}^{\text{B}} - i_{\text{O.C}}^{\text{B}}}, \quad (7)$$

мұндағы

Q_T - жылыту іріктеуінің номиналды суммалық жүктемесі, МВт

$i_{\text{H.C}}^{\text{B}}$ - жоғарғы желілік қыздырғыштың шыға берістегі су энтальпиясы, кДж/кг

$i_{\text{O.C}}^{\text{B}}$ - төменгі желілік қыздырғышқа кіре берістегі су энтальпиясы, кДж/кг

$$G_{\text{C.B}} = \frac{104,72}{421,97 - 221,8} = 524,55.$$

Төменгі желілік қыздырғыштың жылулық балансы, кг/с :

$$D_{\text{H.C}} * q_{\text{H.C}} = G_{\text{C.B}} \tau_{\text{H.C}} \frac{1}{\eta_{\text{П}}}, \quad (8)$$

мұндағы

$q_{\text{H.C}}$ - төменгі желілік қыздырғышқа берілетін жылу, кДж/кг

$G_{\text{C.B}}$ - желілік су шығыны, кг/с

$\tau_{\text{H.C}}$ - сатыдағы жылыту, кДж/кг

$$D_{H.C} * 2132,5 = 524,55 * 82,45 * \frac{1}{0,955} = 20,38.$$

Жоғарғы желілік қыздырғыштың жылулық балансы, кг/с:

$$D_{B.C} * q_{B.C} = G_{C.B} \tau_{B.C} \frac{1}{\eta_{II}}, \quad (9)$$

мұндағы

$q_{B.C}$ - жоғарғы желілік қыздырғышқа берілетін жылу, кДж/кг

$\tau_{B.C}$ - сатыдағы жылыту, кДж/кг

$$D_{B.C} * 2154,79 = 524,55 * 117,72 * \frac{1}{0,955} = 28,8.$$

2.4.2 Жоғары қысымды регенеративті қыздырғыш қондырғылар
1-жоғары қысымды қыздырғыштың жылулық балансы, кг/с:

$$D_{II1}(q_{II1} - q_{OD1}) = D_{II.B} \tau_{II1} \frac{1}{\eta_{II}}, \quad (10)$$

мұндағы

q_{II1} - қыздырғышқа бу турбинасының іріктеуінен келетін жылу, кДж/кг

q_{OD1} - дренажбен кететін жылу, кДж/кг

$D_{II.B}$ - үрлеуді ескерген кездегі турбинаға кететін бу шығыны, кг/с

τ_{II1} - жасырын жылу, кДж/кг

η_{II} - қыздырғыштың П.Ә.К-і

$$D_{II1}(2154 - 76,34) = 75 * 127,6 * \frac{1}{0,955}$$

$$D_{II1} = 4,1.$$

2-жоғары қысымды қыздырғыштың жылулық балансы, кг/с:

$$D_{II2}(q_{II2} - q_{OD2}) + D_{II1} * q_{D2} = D_{II.B} \tau_{II2} \frac{1}{\eta_{II}}, \quad (11)$$

мұндағы

q_{II2} - қыздырғышқа бу турбинасының отборынан келетін жылу, кДж/кг

q_{OD2} - дренажбен кететін жылу, кДж/кг

$D_{II.B}$ - продувканы ескерген кездегі турбинаға кететін бу шығыны, кг/с

τ_{II2} - жасырын жылу, кДж/кг

η_{II} - қыздырғыштың П.Ә.К-і

q_{D2} - дренажбен кететін жылу айырымы, кДж/кг

